

II. БӨЛІМ. АЙМАҚТАНУ
РАЗДЕЛ II. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ
PART II. REGIONAL STUDIES

ӘОЖ 327

GTAMP 11.25.67

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.61.3.010>

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ
АРАСЫНДАҒЫ ЕКІЖАҚТЫ ЖӘНЕ
КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, ДАМУ
ҮРДІСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ БАҒЫТТАРЫ

*Нағышбекқызы А.¹, Нурдавлетова С.М.², Шабаль П.³

*^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

³ Гавр университеті, Гавр, Франция

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы сыртқы саяси ынтымақтастықтың негізгі векторлары қарастырылады. Қазақстанмен тығыз байланысы бар, мүлдем байланысы жоқ және қарым-қатынасы мүмкін болатын елдер сараланып, олардың әрқайсысымен жасалған нормативтік шарттар мен келісімдер талданады. Сонымен қатар, тауар айналымы мен инвестиция деңгейі зерттеліп, осы бағыттағы серіктестікті кеңейтудің әлеуеті қарастырылады. Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы талданып, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен осы саладағы ықпалдастықтың мүмкіндіктері ұсынылады. Бұл зерттеу Қазақстанның аталған өңірдегі дипломатиялық стратегиясын тереңірек түсінуге және ынтымақтастықты нығайтуға арналған жолдарды ұсынуға бағытталған. Геосаяси, экономикалық және мәдени байланыстарды тереңдету екіжақты қарым-қатынастардың жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етуде. ASEAN ұйымымен әріптестікті кеңейту, сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, инвестиция тарту және көлік-логистика инфрақұрылымын интеграциялау – екі тарап үшін өзара тиімді салалар болып табылады. Сонымен қатар, білім беру, туризм және мәдени алмасу да маңызды бағыттар ретінде айқындалады. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің экономикалық әлеуеті олардың серіктестігін нығайтуға мүмкіндік береді. Мақалада аталған ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы, даму

үрдістері мен болашақ перспективалары көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның сыртқы саясатындағы бұл аймақтың маңызын айқындап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сонымен қатар, Қазақстанның ASEAN-мен серіктестігі аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, жаһандық сын-қатерлерге бірлесіп қарсы тұруға ықпал етеді. Мақалада қолданылған методология ретінде сапалық және салыстырмалы талдау әдістері таңдалды. Сапалық зерттеу арқылы Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы ресми құжаттар, халықаралық келісімдер, сараптамалық мақалалар мен статистикалық деректер жан-жақты талданды. Салыстырмалы талдау әдісі екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың даму динамикасын бағалауға, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, аймақтық және халықаралық қатынастар теорияларына сүйене отырып әржақты ынтымақтастық аспектілері қарастырылды.

Тірек сөздер: Оңтүстік Шығыс Азия елдері қауымдастығы (АСЕАН), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), инвестиция, сыртқы саясат, экономикалық байланыс, инвестиция, мәдени алмасу, көпвекторлы саясат

Кіріспе

Соңғы онжылдықтарда Қазақстан Оңтүстік-Шығыс Азия (ОША) мемлекеттерімен сыртқы саяси және экономикалық байланыстарын белсенді түрде дамытып, өзінің сыртқы экономикалық қызметін әртараптандыруға және халықаралық аренадағы орнын нығайтуға ұмтылуда. Әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан аймақтардың бірі болып табылатын ОША Қазақстан үшін сауда, инвестиция, технология және дипломатия салаларында маңызды серіктес болып саналады.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы (АСЕАН) шеңберінде бірігіп, айтарлықтай экономикалық әлеуетке ие және әлемдік саудада маңызды рөл атқарады. Өз кезегінде, Қазақстан өзінің географиялық орналасуы мен экономикалық әлеуетінің арқасында Еуропа мен Азия арасындағы стратегиялық көпірге айнала алады. ОША мемлекеттерімен өзара әрекеттесу Қазақстанға өткізу нарықтарын кеңейтуге, инвестициялар тартуға және көлік-логистикалық дәліздерді дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның ОША мемлекеттерінің ішінде тығыз байланысы бар, мүлдем қарым-қатынасы жоқ және мүмкін болатын қатынастары бар мемлекеттер деп үш негізгі бөлікке бөліп қарастырдық. Осы мемлекеттермен нормативтік шарттар бойынша, инвестиция мен тауарайналым және қауіпсіздік саласында қандай қарым-қатынастар бар және бұл байланыс аталған елдер үшін қандай пайда әкеле алатындығын талдадық. Негізгі мақсат Қазақстанның ОША мемлекеттерімен қызығушылықтарын анықтау және қауіпсіздік саласында қандай іс-әрекеттерді бірге қолдайтындығын қарастыру.

Қазақстанның сыртқы саясаты — мемлекеттің халықаралық аренадағы мүдделерін қорғау және нығайтуға бағытталған ұзақмерзімді стратегия. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан көпвекторлы, бейбітшілікке бағытталған, тұрақты даму мен аймақтық ынтымақтастықты қолдайтын сыртқы саясатты жүргізіп келеді. Қазақстан сыртқы саясатында келесі негізгі принциптерді ұстанады. Біріншіден, көпвекторлы саясат – Қазақстан әлемдік державалармен, көршілес мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен теңгерімді қарым-қатынас орнатады. Екіншіден, тәуелсіздік пен егемендікті қорғау – мемлекеттің ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігі басымдыққа ие. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау – Қазақстан қақтығыстарды реттеуге, ядролық қарусыздануға және тұрақтылықты нығайтуға атсалысады. Үшіншіден, халықаралық құқық пен дипломатия қағидаттарын сақтау – Қазақстан халықаралық құқық нормаларын ұстанып, БҰҰ-ның шешімдерін қолдайды. Төртіншіден, экономикалық прагматизм – елдің экономикалық дамуына үлес қосатын серіктестік қатынастарды дамыту. Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі басымдықтар Қазақстан шетелдік инвестицияларды тартуға және экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған. Көлік-логистикалық мүмкіндіктерді пайдаланып, Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік хабқа айналуға ұмтылады. Ең маңыздысы қауіпсіздік саласында ядролық қарусыздану мен таратпау саясатын жүргізу. Халықаралық терроризмге, экстремизмге, заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес. ҰҚШҰ, ШЫҰ және АӨСШК аясында аймақтық қауіпсіздік шараларын нығайту. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес, «жасыл экономика» қағидаттарын енгізу. Қазақ диаспорасын қолдау және тарихи отанына оралу бағдарламаларын жүзеге асыру. Инвестициялар мен жаңа технологияларды тарту арқылы экономикасын әртараптандыру.

Осы тұрғыда Қазақстанның сыртқы саясаты бойынша Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен қарым қатынас жасауға және оны нығайтуға деген қызығушылықтарының бірден бір себебі Оңтүстік Шығыс Азия елдері қауымдастығы.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Қазақстан АСЕАН елдерімен экономикалық, саяси және мәдени бағытта ынтымақтастық орнатып келеді. Қазақстан АСЕАН Аймақтық Форумына (ARF) мүшесі болуға өтінім берген және Орталық Азиядағы маңызды әріптес ретінде қарастырылады [1]. Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы (АСЕАН) арасындағы қарым-қатынас соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Бұл ынтымақтастық екі тараптың сыртқы саяси басымдықтары мен ортақ мүдделеріне негізделген. Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы бағытты ұстанады, яғни түрлі өңірлермен теңгерімді қарым-қатынастарды дамытуға басымдық береді.

Қазақстан көптеген халықаралық және аймақтық ұйымдардың мүшесі болып табылады, олардың кейбіреулері АСЕАН-мен тығыз байланыс орнатқан.

Қазақстан мен АСЕАН арасындағы өзара байланыс түрлі халықаралық ұйымдар аясында дамып келеді. Бұл ынтымақтастық әсіресе Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ) және Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) сияқты ұйымдар арқылы жүзеге асады.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және АСЕАН Қазақстан – ЕАЭО-ның толық мүшесі. АСЕАН елдерінен Вьетнам (2016), Сингапур (2020) ЕАЭО-мен еркін сауда келісімін жасаса [2], Индонезиямен келіссөздер жүргізілуде. Бұл келісімдер екі аймақ арасындағы тауар айналымын арттырып, тарифтерді төмендетуге және инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) және АСЕАН Қазақстан – АӨСШК төрағасы әрі бастамашысы. АӨСШК құрамына АСЕАН-ның төрт елі – Таиланд, Вьетнам, Индонезия, Филиппин кіреді. Бұл ұйым қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық мәселелерді шешуге арналған диалогтық алаң қызметін атқарады. Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ) және АСЕАН Қазақстан – ИЫҰ-ның толық мүшесі, ал АСЕАН елдерінен Индонезия, Малайзия, Бруней бұл ұйымға кіреді. Қазақстан исламдық қаржы жүйесі, білім және мәдениет саласында аталған елдермен тығыз байланыс орнатқан. Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) және АСЕАН Қазақстан 2015 жылы ДСҰ-ға кірді. АСЕАН-ның барлық елдері де осы ұйымға мүше [3]. ДСҰ аясында Қазақстан АСЕАН елдерімен сауда-экономикалық байланыстарды дамытуда.

Қазақстан мен АСЕАН арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Болашақта келесі бағыттар бойынша әріптестік тереңдей түсуі мүмкін: ЕАЭО мен АСЕАН арасындағы сауда байланыстарын кеңейту. Транзиттік-көліктік инфрақұрылымды дамыту (Қытай – Қазақстан – АСЕАН бағыты) Азық-түлік қауіпсіздігі және ауыл шаруашылығы саласындағы әріптестік [3].

Қазақстан мен ОША арасындағы қарым қатынас негізінен Қазақстанға инвестиция тарту, экономикалық өсім бойынша тиімді.

Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттері мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыс сыртқы саясатта өте маңызды орын алады. Қазақстан экономика саласында Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің ішінде тығыз байланысы бар Сингапур, Малайзия және Индонезия мемлекеттерімен қарым қатынас жасайды. Сингапур, Малайзия, Индонезия мемлекеттерімен Қазақстан табыс салығына қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы келісімге қол қойған [4].

Төменгі суретте Қазақстанмен тығыз байланысы бар үш мемлекетпен нормативтік шаттар мен жобалары көрсетілген.

ИНДОНЕЗИЯ	МАЛАЙЗИЯ	СИНГАПУР
- 2019ж 30 қыркүйек Табыс салығына қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы келісім	- 2007ж 14 тамыз табыс салығына қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы келісім	- 2010ж 27 мамыр табыс салығына қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы келісім
- Қазақстан Республикасы мен Индонезия арасындағы нормативтік-құқықтық актілердің негізін 5 келісім мен 12 меморандум құрайды, олардың ішінде негізгісі – дипломатиялық және қызметтік паспорт иелерін визадан босату туралы Келісім (13.04.12 ж.) және Экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы Келісім (07.04.1995 ж.).	- 2022 тамыз Алатау сити жобасы - 2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Сингапурдың PSA International компаниясы Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамыту мақсатында КРМС бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісім - 2025 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) пен Сингапур арасында кешенді экономикалық ынтымақтастық және еркін сауда туралы келісімге қол қойды.	- 2024 жылдың наурызында AirAsia X әуе компаниясы мен «Kazakh Tourism» компаниясы Қазақстан мен Малайзия арасындағы туризмді дамытуға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандум

Сурет 1 - Қазақстан мен ОША мемлекеттері арасындағы нормативтік шарттар мен жобалар *[кесте авторлармен жасалған]*

Малайзия 2024 жылдың наурызында AirAsia X әуе компаниясы мен «Kazakh Tourism» компаниясы Қазақстан мен Малайзия арасындағы туризмді дамытуға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойған. 2024 жылдың наурыз айында AirAsia X әуе компаниясы мен «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы Қазақстан мен Малайзия арасындағы туризмді дамыту мақсатында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұл келісім екі ел арасындағы туризмді ілгерілету, жаңа іскерлік мүмкіндіктер жасау, бірлескен сату және маркетингтік кампанияларды дамыту арқылы экономиканы нығайтуға бағытталған [4]. Меморандум аясында AirAsia X компаниясы Малайзия мен Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдерінен Алматыға туристерді тасымалдаумен қатар, Алматыдан Куала-Лумпур арқылы 130 бағытқа сапарларды ұсынады. Бұл Қазақстанның туристік әлеуетін арттырып, халықаралық байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік береді [5]. AirAsia X компаниясының бас директоры Бенъямин Исмаил бұл стратегиялық серіктестіктің екі ел үшін маңызды қадам екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл тек саяхат тәжірибесін жақсартумен шектелмей, экономиканы нығайтуға да ықпал етеді. Сонымен қатар, меморандум аясында конференциялар, туристік көрмелер және басқа да іс-шаралар арқылы екі елдің туристік өнімдерін аймақта ілгерілету жоспарлануда [6]. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының төрағасы Қайрат Садвақасов AirAsia X компаниясының Қазақстан нарығына кіруі ел үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағы үшін маңызды екенін айтты. Ол бұл серіктестік сауда, мәдени және білім алмасуларды арттыруға, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құру арқылы экономикалық өсуді ынталандыруға ықпал ететініне

сенім білдірді[6]. Қазіргі уақытта меморандум шеңберінде бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2024 жылдың наурыз айынан бастап AirAsia X Куала-Лумпур мен Алматы арасында аптасына төрт рет тұрақты рейстерді іске қосты. Бұл рейстер Airbus A330-300 ұшағымен сейсенбі, бейсенбі, сенбі және жексенбі күндері орындалады [6]. Сонымен қатар, екі елдің туристік ұйымдары бірлескен маркетингтік кампаниялар мен іс-шараларды ұйымдастыруда. Мысалы, туристік көрмелер мен конференциялар арқылы Қазақстанның туристік мүмкіндіктері Малайзияда және керісінше таныстырылуда. Бұл шаралар екі ел арасындағы туристік ағынды арттырып, экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған. AirAsia X пен «Kazakh Tourism» арасындағы меморандум Қазақстанға халықаралық туризмді дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру және экономиканы әртараптандыру бағытында елеулі пайда әкелуде. 2023 жылы Қазақстан мен Малайзия арасындағы сауда айналымы 245 миллион АҚШ долларына жетіп, алдыңғы жылғы 150 миллион доллардан артты. Қазіргі уақытта Қазақстанда малайзиялық капиталмен 48 компания жұмыс істейді, сондай-ақ 410 миллион АҚШ долларынан асатын 17 бірлескен инвестициялық жоба жүзеге асырылуда [7].

Сингапур мен Қазақстан арасындағы қомақты жоба Алатау Сити жобасы – Қазақстанның Алматы облысында жүзеге асырылып жатқан ауқымды урбанистикалық бастама. Бұл жоба Сингапурдың Surbana Jurong компаниясымен бірлесіп әзірленген және заманауи «ақылды қала» құруды мақсат етеді. Жаңа қала Алматы мен Қонаев қалаларын байланыстыратын автомагистраль бойында орналасады және төрт тақырыптық ауданнан тұрады:

Gate District: Алматыға жақын орналасқан қаржы және іскерлік орталық.

Golden District: білім беру және денсаулық сақтау салаларының орталығы.

Growing District: өнеркәсіптік-логистикалық нысандар орналасатын аймақ.

Green District: Қонаев қаласына жақын орналасқан демалыс және ойын-сауық аймағы, мұнда Диснейленд, аквапарктер және басқа да демалыс орындары жоспарланған [8]. Жобаның стратегиялық серіктесі болып табылатын Surbana Jurong компаниясы 50 жылдан астам уақыт ішінде 30 елде 90-нан астам жобаны жүзеге асырған тәжірибелі ұйым. Оның ең табысты жобаларының бірі – Сингапур қаласының дамуы. Алатау Сити жобасы Қазақстанның урбанистикалық дамуына жаңа серпін беріп, халықаралық инвестицияларды тартуға, сондай-ақ тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Қазақстан 2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Сингапурдың PSA International компаниясы Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамыту мақсатында КРМС бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойды. 2023 жылдың 22 мамырында Астана қаласында өткен Қазақстан-Сингапур бизнес форумында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (ҚТЖ) мен

Сингапурдың PSA International компаниясы бірлескен кәсіпорын – KPMС Ltd (KPMС) құру туралы келісімге қол қойды. Бұл келісімге Сингапур Президенті Халима Якоб пен Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың қатысуымен қол қойылды [9]. KPMС компаниясының негізгі мақсаты – Транскаспий халықаралық көлік дәлізін (ТХКД) дамыту арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия мен Қытайдан Қазақстан арқылы Еуропаға жүк тасымалын арттыру. Бұл бастама Қазақстанның транзиттік әлеуетін нығайтып, халықаралық сауда ағындарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді [9]. PSA International компаниясының бас директоры Тан Чонг Менг бұл бірлескен кәсіпорынның PSA үшін Орталық Азияға кеңею жолындағы маңызды қадам екенін атап өтті. Оның айтуынша, KPMС ТХКД пайдаланушылары мен мүдделі тараптары үшін физикалық және цифрлық экожүйені дамытып, жүк тасымалының икемділігі мен тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді [9]. Бұл келісім ҚТЖ мен PSA International арасындағы 2022 жылы қол қойылған өзара түсіністік туралы меморандумның жалғасы болып табылады. Сингапурлық серіктестер Қазақстанға логистика мен тасымалдау саласындағы әлемдік стандарттарға сәйкес тәжірибе мен білім беруді жоспарлап отыр [10]. KPMС компаниясы ТХКД бойында блоктық пойыздарды ұйымдастыру және станциялар арасындағы қызметтерді ұсыну арқылы жүк тасымалының тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл қадам Қазақстанның көлік-логистика саласын дамытуға және халықаралық саудадағы рөлін күшейтуге септігін тигізеді.

Нәтижелер

2025 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) пен Сингапур арасында кешенді экономикалық ынтымақтастық және еркін сауда туралы келісімге қол қойды [11]. Бұл келісім ЕАЭО мен Сингапур арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Келісімнің негізгі мақсаты – тараптар арасындағы тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысын қамтамасыз ету, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту және экономикалық ынтымақтастықты тереңдету. Бұл өз кезегінде Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттырып, Сингапур нарығына қазақстандық өнімдер мен қызметтердің қолжетімділігін жеңілдетеді. Келісімнің негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Тарифтік және тарифтік емес кедергілерді азайту: Тараптар өзара саудадағы кедергілерді төмендету арқылы тауар айналымын ұлғайтуға ұмтылады.

- Инвестициялық ынтымақтастықты дамыту: Инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы екіжақты инвестицияларды ынталандыру көзделеді.

- Қызмет көрсету саласындағы сауданы ырықтандыру: Қызмет көрсету секторында өзара қолжетімділікті арттыру арқылы экономикалық байланыстарды күшейту жоспарланған.

- Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау: Инновациялар мен

технологиялық даму үшін қолайлы орта қалыптастыру мақсатында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері қарастырылған [11].

Бұл келісім Қазақстанның халықаралық саудадағы позициясын нығайтып, ЕАЭО мен Сингапур арасындағы экономикалық қатынастарды жаңа деңгейге көтереді деп күтілуде. 2023 жылғы наурыз айының жағдайына сәйкес, Қазақстанда сингапур капиталының қатысуымен 144 жұмыс істеп тұрған заңды тұлға, филиалдар мен өкілдіктер тіркелген. 22.02.2023 Қазақстан-Сингапур бизнес форум Дөңгелек үстелде екі елдің бизнес өкілдерінің қатысуымен келіссөздер отырыстары да өтіп, жалпы сомасы 275 миллион АҚШ долларын құрайтын 12 құжатқа қол қойылды. 2023 жылғы 22 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісім. Күшіне ену күні: 2025 жылғы 1 наурыз деп жоспарлануда [11].

Қазақстан Республикасы мен Индонезия арасындағы нормативтік-құқықтық актілердің негізін 5 келісім мен 12 меморандум құрайды, олардың ішінде негізгісі – дипломатиялық және қызметтік паспорт иелерін визадан босату туралы Келісім (13.04.12 ж.) және Экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы Келісім (07.04.1995 ж.). Қазақстан Республикасы мен Индонезия Республикасы арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорт иелерін визадан босату туралы келісімге 2012 жылғы 13 сәуірде қол қойылды [12]. Бұл келісім екі елдің ресми өкілдерінің өзара сапарларын жеңілдетіп, дипломатиялық қатынастарды нығайтуға бағытталған. Келісімге сәйкес, дипломатиялық және қызметтік паспорт иелері визасыз кіру, шығу және транзиттік өту құқықтарына ие болды, бұл өз кезегінде ресми сапарлардың тиімділігін арттырды. Экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы келісім 1995 жылғы 7 сәуірде жасалды. Бұл құжат Қазақстан мен Индонезия арасындағы экономикалық және техникалық салалардағы өзара іс-қимылды дамытуға негіз болды. Келісім шеңберінде тараптар сауда, инвестиция, ғылым мен техника, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда ынтымақтастықты тереңдетуге келісті. Сонымен қатар, келісім екі елдің кәсіпорындары мен ұйымдары арасында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға, тәжірибе алмасуға және мамандарды оқытуға мүмкіндік берді. Бұл келісімдер Қазақстан мен Индонезия арасындағы қарым-қатынастарды нығайтып, екіжақты ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалады. Олар саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуға ықпал етіп, екі елдің өзара тиімді серіктестігін қамтамасыз етті. Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі механизмі Қазақстан-Индонезия арасындағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия (ҰКК) болып табылады. 2013 жылғы 21-22 тамыз, Джакарта). Джакарта, 1 ақпан 2024 ж болған кездесуде ҰКК екінші жиналысын өткізуді талқылап жатыр. Он бір жылдан кейін ғана барып екінші жиналысты өткзуге бірнеше себептер әсер етті. Ұйымдастырушылық қиындықтар мен COVID-19 пандемияның әсері негізгі себеп деп қарастырылады. 2023 жылы Қазақстан

мен Индонезия арасындағы сауда айналымы 284,6 млн долларды құрады [13]. Перспективалық бағыттар арасында тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ тамақ, ауыл шаруашылығы және медицина салалары бойынша тауарайналым болған.

Талқылау

Инвестиция тарту кез келген елдің сыртқы саясатында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Себебі, елдің дамуы үшін экономикалық өсім маңызды фактор болып табылады. Оңтүстік шығыс азия елдерінің ішінен Сингапур, Малайзия, Таиланд, Вьетнам елдерінен инвестициялық жобаларды қарастыру және Қазақстанға тарту Қазақстан үшін маңызды экономикалық дамуға алып келетін қадамның бірі деп есептеймін. Инвестиция тартуға қызығушылығы бар елдер қатарына Таиланд, Вьетнамды қосуға болады.

Таиланд	Вьетнам
-2023 жылы Қазақстан мен Таиланд арасындағы сауда айналымы 35,9%-ға өсіп, 367,7 миллион АҚШ долларына жетті. -Соңғы 5 жылда Таиланд пен Қазақстанның жалпы инвестиция көлемі 100 миллион долларды құрады 2017 жылы Қазақстан Таиландтың ЕАЭО-дағы серіктестері рейтингінде жалпы сауда көлемі 172 миллион долларды құрап, 2-ші орынды иеленді».	2023 жылы Қазақстан мен Вьетнам арасындағы сауда айналымы 600 миллион АҚШ долларын құрады. - 2024 жылдың мамырынан бастап «Қазақ әйрдің» иесі вьетнамдық «Sovico Group» компаниясы болды. 2015 жылдың сәуірінен 2024 жылдың мамырына дейін иесі «Самұрық-Қазына» қоры болған. - Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың Вьетнамның ірі холдингі VinGroup құрамына кіретін VinFast компаниясының басшысымен экология мәселесі бойынша инвестиция тарту туралы кездесуі өтті.

Сурет 2 - Қазақстанмен Тайланд, Вьетнам елдерінің тауар айналымы мен инвестиция мөлшері *[кесте авторлармен жасалған]*

Қазақстан мен Таиланд арасындағы сауда-экономикалық байланыстар соңғы жылдары айтарлықтай қарқынмен дамып келеді. 2023 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 35,9%-ға өсіп, 367,7 миллион АҚШ долларына жетті. Бұл өсім екіжақты экономикалық қатынастардың нығаюын және өзара тиімді ынтымақтастықтың артуын көрсетеді [14]. Соңғы бес жыл ішінде Қазақстан мен Таиланд арасындағы жалпы инвестиция көлемі 100 миллион АҚШ долларын құрады. Бұл инвестициялар әртүрлі салаларды қамтып, екі елдің экономикалық дамуына оң ықпал етті. 2017 жылы Қазақстан

Таиландтың Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдері арасындағы серіктестері рейтингінде жалпы сауда көлемі 172 миллион АҚШ долларын құрап, 2-ші орынды иеленді [14]. Бұл көрсеткіш Қазақстанның Таиланд үшін маңызды сауда серіктесі екенін және екі ел арасындағы экономикалық байланыстардың жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. Алдағы уақытта Қазақстан мен Таиланд арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін бірлескен жобаларды іске асыру, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту және өзара тиімді серіктестікті нығайту маңызды болып табылады.

Қазақстан мен Вьетнам арасындағы экономикалық және инвестициялық байланыстар соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. 2023 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 600 миллион АҚШ долларына жетті. Бұл көрсеткіш екіжақты сауда қатынастарының оң динамикасын көрсетеді. «Qazaq Air» әуе компаниясының меншік құқығы: 2015 жылдың сәуірі: «Qazaq Air» әуе компаниясы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының иелігінде болды [15]. 2024 жылдың мамыры: Вьетнамдық «Sovico Group» компаниясы «Qazaq Air» әуе компаниясының жаңа иесі атанды. Бұл мәміле Қазақстан мен Вьетнам арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың жаңа кезеңін білдіреді. Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глозов пен VinFast компаниясының басшысымен кездесті. Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глозов Вьетнамның ірі холдингі VinGroup құрамына кіретін VinFast компаниясының басшысымен кездесу өткізді. Кездесу барысында экология мәселелері бойынша инвестиция тарту мүмкіндіктері талқыланды. VinFast компаниясы электр көліктерін өндірумен танымал, сондықтан бұл кездесу Астана қаласының экологиялық жағдайын жақсарту және тұрақты көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында маңызды қадам болып табылады. Бұл оқиғалар Қазақстан мен Вьетнам арасындағы экономикалық және инвестициялық байланыстардың нығайуын көрсетеді, сондай-ақ екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Қауіпсіздік саласы бойынша Қазақстан мен ОША мемлекеттерінің қызығушылықтары біршама сала бойынша ортақ.

Біріншіден, нашақорлық мәселесі тек біртарапты емес халықаралық мәселе болып табылады. Оңтүстік Шығыс Азияда алтын үшбұрыш, яғни Таиланд, Мьянма, Лаос мемлекеттерінің шекарасының түйісетін таулы аймақтарда опиум өндірісі мен оның сауда жүргізуі басқа көршілес және тіпті көршілес емес аймаққа таралуы актуалды мәселе. Мьянма бүгінде опиум өндірісі бойынша Ауғанстаннан кейінгі екінші орынды алып отыр. Бұл әлемдік опиумның 25 пайызын құрайды.

Қазақстан әлемдік аренада нашақорлық пен лаңкестік мәселесіне қарсы позицияны ұстанады. Бұл салада АСЕАН мен байланысы ортақ болғанымен Қазақстанға қауіп бар, себебі опиум мен есірткінің басқа да түрлері Мьянма, Таиланд, Лаос жерлерінде өндірілгенімен оны тасымалдау процессі біршама күрделі. Одақтастары арқылы Канада, Қытай, Ауғанстан, Орталық Азия мемлекеттеріне тасымалданады.

Екіншіден, лаңкестік мәселе. Қазіргі таңда, Ауғанстан мәселесі әлі күнге дейін актуалдығын жоғалтқан жоқ. Бұл жағдайда ОША мемлекеттерімен Қаразақстан арасында ортақ қауіп Ауғанстан тарапынан. Ауғанстанда жағдай толығымен тұрақталмайынша ОША мемлекеттеріне де Қазақстанға да қауіп бар.

Үшіншіден, халықаралық ұйымдар арасында тек БҰҰ арқылы жанама келіссөздер жүргізілгенімен нақты қауіпсіздік саласы бойынша Қазақстанмен тікелей байланыс төмен дәрежеде.

Қазіргі уақытта Қазақстан Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен екіжақты қауіпсіздік келісімдеріне қол қоймаған. Алайда, ол өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған көпжақты бастамаларға белсенді қатысуда. Қазақстан Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша негізгі саяси диалог алаңы болып табылатын АСЕАН Өңірлік форумына (АРФ) қатысуға өтініш берді. АРФ құрамына Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін қоса алғанда, 26 мемлекет кіреді және ол бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық пен пікірталастарға арналған платформа ретінде қызмет етеді [1]. Қазақстан ядролық қарудан азат аймақтар құру бастамаларын белсенді түрде қолдайды. 2006 жылы ол Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шартқа (Семей шарты) қол қойды. Осындай шарттар басқа өңірлерде, соның ішінде Оңтүстік-Шығыс Азияда да бар (1995 жылғы Бангкок шарты). Бұл шарттар әртүрлі аймақтарда жасалғанымен, олардың ортақ мақсаты – ядролық қарудың таралуына жол бермеу және өңірлік қауіпсіздікті нығайту. Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасында тікелей екіжақты қауіпсіздік келісімдері болмаса да, Қазақстан көпжақты форумдарға қатысу және бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған халықаралық бастамаларды қолдау арқылы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа ұмтылуда.

Қорытынды

Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасында экономикалық және инвестициялық байланыстар белсенді түрде дамып келеді. Саудасаттық көлемі артып, екіжақты инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Алайда, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық әлі де шектеулі деңгейде қалып отыр.

Осы мәселені шешу үшін Қазақстанның АСЕАН-ның қауіпсіздік мәселелерін талқылайтын құрылымдарына, әсіресе, АСЕАН Аймақтық Форумына (АРФ) белсенді қатысуы қажет. Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия есірткі және заңсыз көші-қон жолдарымен байланысты болғандықтан, құқық қорғау органдары арасында ақпарат алмасу және бірлескен операциялар ұйымдастыру маңызды. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері кибершабуылдардан қорғануда үлкен тәжірибеге ие. Қазақстан осы елдердің тәжірибесін пайдаланып, ортақ жобалар жүргізе алады. Бірлескен оқу-жаттығулар ұйымдастыру және қорғаныс технологияларын дамыту саласында серіктестік орнату қауіпсіздік байланыстарын нығайта түседі.

Қауіпсіздік мәселелеріне қатысты тұрақты дипломатиялық кездесулер мен форумдар өткізу арқылы өзара түсіністік пен сенімді нығайту қажет. Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты тереңдету екі тарап үшін де маңызды. Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша серіктестікті дамыту тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жаңа қауіп-қатерлерге қарсы бірлескен әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл сыртқы саяси ынтымақтастықты дамытудағы ең маңызды вектор деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] ARF <https://aseanregionalforum.asean.org/about-arf/> қаралған күні: 15.04.2025

[2] ЕАЭО мен АСЕАН сауда-экономикалық ынтымақтастықты ойдағыдай дамытуда <https://eec.eaeunion.org/kk/news/eaes-i-asean-uspeshno-razvivayut-torgovo-ekonomicheskoe-sotrudnichestvo/> қаралған күні: 15.04.2025

[3] ЕЭК ПХЭФ-те «АСЕАН — ЕАЭО — ШЫҰ: Үлкен Еуразиялық әріптестіктің интеграциялық сегменті» сессиясын өткізді. <https://eec.eaeunion.org/kk/news/EEK-provedet-na-pmef-sessiyyu-asean-eaes-shos-integratsionnyy-segment-bolshogo-evraziyskogo-partnerst/> қаралған күні: 15.04.2025

[4] AirAsia X и «Kazakh Tourism» стали партнерами с целью развития туризма и стимулирования экономики между Малайзией и Казахстаном <https://newsroom.airasia.com/news/ru-aax-partners-kazakh-tourism-elevate-tourism-boost-economy-malaysia-kazakhstan#gsc.tab=0> қаралған күні: 18.04.2025

[5] AirAsia X and Kazakh Tourism Forge Strategic Partnership /Aida Haidar in Editor's Picks, International, Tourism on 18 March 2024 <https://astanatimes.com/2024/03/airasia-x-and-kazakh-tourism-forge-strategic-partnership/> қаралған күні: 23.04.2025

[6] AirAsia X partners Kazakh Tourism to elevate tourism and further boost the economy between Malaysia and Kazakhstan <https://newsroom.airasia.com/news/airasia-x-partners-kazakh-tourism-to-elevate-tourism-and-further-boost-the-economy-between-malaysia-and-kazakhstan#gsc.tab=0> қаралған күні: 25.04.2025

[7] Двусторонние отношения <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-kuala-lumpur/press/article/details/13999> қаралған күні: 28.04.2025

[8] Президент провел встречу по вопросам реализации проекта Alatau City <https://www.akorda.kz/ru/prezident-provel-vstrechu-po-voprosam-realizacii-proekta-alatau-city-2343345> қаралған күні: 03.05.2025

[9] PSA and Kazakhstan Railways Join Forces to Enhance Trade Through the Trans-Caspian International Transport Route <https://www.globalpsa.com/wp-content/uploads/nr230522.pdf> қаралған күні: 05.05.2025

[10] КТЖ и сингапурская PSA создали предприятие для развития Транскаспийского маршрута https://forbes.kz/articles/ktj_i_singapurskaya_

psa_sozdali_predpriyatie_dlya_razvitiya_transkaspiyskogo_marshruta қаралған күні: 06.05.2025

[11] ЕАЭО мен Сингапур арасындағы еркін сауда туралы келісім ратификацияланды <https://kaz.inform.kz/news/prezident-singapur-respublikasi-arasindagi-erkn-sauda-turali-kelsmd-ratifikatsiyalau-turali-zangakol-koydi-1a11c1/> қаралған күні: 06.05.2025

[12] Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Индонезия Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалардан босату туралы келісімді бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000974/history> қаралған күні: 07.05.2025

[13] Казахстан и Индонезия обсудили вопросы инвестиционного сотрудничества <https://invest.gov.kz/ru/media-center/press-releases/kazakhstan-and-indonesia-discussed-issues-of-investment-cooperation/> қаралған күні: 07.05.2025

[14] Сотрудничество Республики Казахстан с Королевством Таиланд <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/483?lang=ru> қаралған күні: 09.05.2025

[15] Qazaq Air купила вьетнамская компания <https://forbes.kz/articles/qazaq-air-kupila-vetnamskaya-kompaniyam-accsa42> қаралған күні: 10.05.2025

REFERENCES

[1] ASEAN Regional Forum. URL: <https://aseanregionalforum.asean.org/about-arf/>

[2] EAEU men ASEAN sauda-ekonomikalyq yntymaqtastyqty oıdaǵydaı damytuda [The EAEU and ASEAN successfully develop trade and economic cooperation]. URL: <https://eec.eaeunion.org/kk/news/eaes-i-asean-uspeshno-razvivayut-torgovo-ekonomicheskoe-sotrudnichestvo/> [in Kaz.].

[3] ЕЕК PXEF-te «ASEAN — EAEU — SHYÚ: Úlken Eýraziıalyq áriptestiktıń integraciıalyq segmenti» sessıasyn ótkizdi [The EEC held a session at the PEXF “ASEAN — EAEU — SCO: A large Eurasian partnership integration segment”]. URL: <https://eec.eaeunion.org/kk/news/eeek-provedet-na-pmef-sessiyu-asean-eaes-shos-integratsionnyy-segment-bolshogo-evraziyskogo-partnerst/> [in Kaz.].

[4] AirAsia X i “Kazakh Tourism” staly partnëramı s cel’iu razvitiia turizma i stimulirovaniia ékonomiki mezhdu Malaiziei i Kazakhstonom [AirAsia X and Kazakh Tourism became partners to develop tourism and stimulate the economy between Malaysia and Kazakhstan]. URL: <https://newsroom.airasia.com/news/ru-aax-partners-kazakh-tourism-elevate-tourism-boost-economy-malaysia-kazakhstan#gsc.tab=0> [in Russ.].

[5] AirAsia X and Kazakh Tourism Forge Strategic Partnership / Aida Haidar in Editor’s Picks, International, Tourism on 18 March 2024. URL: <https://astanatimes.com/2024/03/airasia-x-and-kazakh-tourism-forge-strategic-partnership/>

[6] AirAsia X partners Kazakh Tourism to elevate tourism and further boost the economy between Malaysia and Kazakhstan. URL: <https://newsroom.airasia.com/>

com/news/airasia-x-partners-kazakh-tourism-to-elevate-tourism-and-further-boost-the-economy-between-malaysia-and-kazakhstan#gsc.tab=0

[7] Dvustoronnie otnosheniia [Bilateral relations]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-kuala-lumpur/press/article/details/13999> [in Russ.].

[8] Prezident provël vstrechu po voprosam realizacii proekta Alatau City [The President held a meeting on the implementation of the Alatau City project]. URL: <https://www.akorda.kz/ru/prezident-provel-vstrechu-po-voprosam-realizacii-proekta-alatau-city-2343345> [in Russ.].

[9] PSA and Kazakhstan Railways Join Forces to Enhance Trade Through the Trans-Caspian International Transport Route. URL: <https://www.globalpsa.com/wp-content/uploads/nr230522.pdf>.

[10] KTJ i singapurskaia PSA sozdali predpriatie dlia razvitiia Transkaspiskogo marshruta [KTJ and Singapore PSA created an enterprise for the development of the Trans-Caspian route]. URL: https://forbes.kz/articles/ktj_i_singapurskaya_psa_sozdali_predpriatie_dlya_razvitiya_transkaspiskogo_marshalluta [in Russ.].

[11] EAEU men Singapur arasındaǵy erkin sauda turaly kelisim ratifikacıalandy [The free trade agreement between the EAEU and Singapore was ratified]. URL: <https://kaz.inform.kz/news/prezident-singapur-respublikasi-arasindagi-erkin-sauda-turali-kelsmd-ratifikatsiyalau-turali-zanga-kol-koydi-1a11c1/> [in Kaz.].

[12] Qazaqstan Respyblikasynyń Úkimeti men İndoneziia Respyblikasynyń Úkimeti arasındaǵy diplomattıq jáne qyzmettik pasporttardyn ielerin vizalardan bosatu turaly kelisimdi bekitu turaly [On the approval of the agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Indonesia on visa-free entry for diplomatic and service passport holders]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000974/history> [in Kaz.].

[13] Kazakhstan i Indoneziia obsudili voprosy investicionnogo sotrudnichestva [Kazakhstan and Indonesia discussed issues of investment cooperation]. URL: <https://invest.gov.kz/ru/media-center/press-releases/kazakhstan-and-indonesia-discussed-issues-of-investment-cooperation/> [in Russ.].

[14] Sotrudnichestvo Respubliki Kazakhstan s Korolevstvom Tailand [Cooperation between the Republic of Kazakhstan and the Kingdom of Thailand]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/483?lang=ru> [in Kaz.].

[15] Qazaq Air kupila v'etnamskaia kompania [Qazaq Air bought a Vietnamese company]. URL: <https://forbes.kz/articles/qazaq-air-kupila-vetnamskaya-kompaniyam-acca42> [in Kaz.].

ДВУСТОРОННЕЕ И МНОГОСТОРОННЕЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ЮГО-ВОСТОЧНОЙ АЗИИ: ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ, ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ И БУДУЩИЕ НАПРАВЛЕНИЯ

*** Нагышбекқызы А.¹, Нурдаuletова С.М.², Шабаль П.³**

***^{1,2} Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан**

³ Университет Гавр, Гавр, Франция

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные векторы внешнеполитического сотрудничества между Казахстаном и странами Юго-Восточной Азии. Проводится анализ стран, имеющих тесные связи с Казахстаном, стран, с которыми связи отсутствуют, а также государств, обладающих потенциалом для развития отношений. Подробно рассматриваются нормативно-правовые акты и соглашения, заключённые с каждой из этих стран. Кроме того, исследуются показатели товарооборота и уровня инвестиций, анализируется потенциал расширения партнёрства в этом направлении.

Особое внимание уделяется текущему состоянию сотрудничества в сфере безопасности и возможностям взаимодействия с государствами Юго-Восточной Азии в этой области. Исследование направлено на более глубокое понимание дипломатической стратегии Казахстана в данном регионе и выработку рекомендаций по укреплению сотрудничества. Углубление геополитических, экономических и культурных связей способствует выводу двусторонних отношений на новый уровень.

Ключевыми направлениями взаимовыгодного взаимодействия выступают расширение партнёрства с Ассоциацией государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН), развитие торгово-экономических связей, привлечение инвестиций и интеграция транспортно-логистической инфраструктуры. Кроме того, важными сферами также определены образование, туризм и культурный обмен.

Многовекторная внешняя политика Казахстана и экономический потенциал стран Юго-Восточной Азии создают возможности для укрепления партнёрства. В статье представлены текущее состояние, тенденции развития и перспективы двустороннего и многостороннего сотрудничества. Результаты исследования подчёркивают значимость данного региона во внешней политике Казахстана и открывают путь к новым возможностям. Партнёрство Казахстана с АСЕАН также способствует обеспечению региональной безопасности и стабильности, а также совместному противодействию глобальным вызовам.

В качестве методологии исследования были выбраны качественный и сравнительный методы анализа. С помощью качественного анализа проведено всестороннее изучение официальных документов, международных соглашений, экспертных публикаций и статистических данных, отражающих взаимодействие между Казахстаном и странами

Юго-Восточной Азии. Сравнительный метод позволил оценить динамику развития двустороннего и многостороннего сотрудничества, выявить сходства и различия. Кроме того, были рассмотрены различные аспекты сотрудничества с опорой на теории региональных и международных отношений.

Ключевые слова: Ассоциация государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН), Евразийский экономический союз (ЕАЭС), инвестиции, внешняя политика, экономические связи, инвестиции, культурный обмен, многовекторная политика,

KAZAKHSTAN'S BILATERAL AND MULTILATERAL COOPERATION WITH SOUTHEAST ASIAN COUNTRIES: CURRENT STATE, DEVELOPMENT TRENDS, AND FUTURE PROSPECTS

* Nagyshbekkyzy A.¹, Nurdavletova S.M.², Chabal P.³

*^{1,2} L.N. Gumilyov Eurasian National University Astana, Kazakhstan

³ University of Le Havre, Le Havre, France

Abstract. This article examines the main vectors of foreign policy cooperation between Kazakhstan and Southeast Asian countries. It analyzes countries with strong ties to Kazakhstan, those with no established relations, as well as states that hold potential for future cooperation. The article provides a detailed overview of the legal frameworks and agreements signed with each of these countries. Additionally, it studies trade turnover and investment levels, evaluating the potential for expanding partnerships in these areas.

Special attention is given to the current state of cooperation in the field of security and the prospects for collaboration with Southeast Asian nations in this domain. The study aims to deepen the understanding of Kazakhstan's diplomatic strategy in the region and to propose ways to strengthen cooperation. Enhanced geopolitical, economic, and cultural ties are seen as a driver for elevating bilateral relations to a new level.

Key areas of mutually beneficial cooperation include expanding partnerships with the Association of Southeast Asian Nations (ASEAN), developing trade and economic relations, attracting investments, and integrating transport and logistics infrastructure. Furthermore, education, tourism, and cultural exchange are also identified as important areas of collaboration.

Kazakhstan's multi-vector foreign policy and the economic potential of Southeast Asian countries create opportunities to strengthen their partnership. The article outlines the current state, development trends, and future prospects of bilateral and multilateral cooperation. The findings highlight the significance of this region in Kazakhstan's foreign policy and pave the way for new opportunities. Kazakhstan's partnership with ASEAN also contributes to regional security and stability, as well as joint responses to global challenges.

Key words: Association of Southeast Asian Nations (ASEAN), Eurasian Economic Union (EAEU), investment, foreign policy, economic relations, investment, cultural exchange, multi-vector policy

Авторлар туралы мәлімет:

Нағышбекқызы Аяжан - PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, ayazhannagyshbekkyzy149@gmail.com

Нурдаuletova С.М. доцент, Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, saniyanm83@mail.ru

Пьер Ш. саяси ғылымдар докторы, профессор, кеңесші, LexFEIM ғылыми орталығының директоры Гавр университеті, Франция, pierrechabal@yahoo.fr

Информация об авторах:

Нағышбекқызы Аяжан - докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан, ayazhannagyshbekkyzy149@gmail.com

Нурдаuletova Сания Моряковна- доцент, Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, saniyanm83@mail.ru

Пьер Шабаль – доктор политических наук, профессор, консультант, директор научного центра LexFEIM, Университет Гавр, Гавр, Франция, pierrechabal@yahoo.fr

Information about the authors:

Ayazhan Nagyshbekkyzy – PhD candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan ayazhannagyshbekkyzy149@gmail.com

Saniya Moryakovna Nurdavletova – Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, saniyanm83@mail.ru

Pierre Chabal – Doctor of Political Science, Professor, Consultant, director of the scientific center LexFEIM, University of Le Havre, Le Havre, France, pierrechabal@yahoo.fr

Мақала түсті: 17 Маусым 2025

Жариялауға қабылданды: 25 Қыркүйек 2025